

**Жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілерге арналған кеудеге тағатын " Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестат туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 шілде N 1146. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.23. N 1219 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.23. N 1219 қаулысымен. Р 9 9 1 2 1 9 \_

Республиканың интеллектуалдық әлеуетін дамыту, дарынды балалар мен жастарды тәрбиелеу және оқыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Оқуда өте жақсы білім және жалпы білім беретін орта мектептің курсы үшін оқу бітіру емтихандарын тапсыруы кезінде үлкен жетістіктер көрсеткен жалпы білім беретін орта мектептердің оқушылары үшін кеудеге тағатын "Алтын белгі" ("Золотой знак") белгісі белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған: жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілерге арналған кеудеге

тағатын "Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестат туралы ереже; кеудеге тағатын "Алтын белгі" ("Золотой знак") белгісінің сипаттамасы бекітілсін.

3. Білім және мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігіне білім беру мекемелерін ұстауға көзделген қаржының шегінде, өтінімдерге сәйкес кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестаттардың қажетті санын жасап шығарсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 22 шілдедегі  
N 1146 қаулысымен

бекітілген

Жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілерге  
арналған кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісі мен  
ерекше үлгідегі аттестат туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісімен 5 сыныптан бастап 11 сыныпқа дейін оқуда ерекше көзге түскен, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың жүлдегері болып табылатын, оқу бітіру емтихандарын тапсыру кезінде өте жақсы жетістіктер, өте жақсы мінез құлық пен жалпы білім беретін орта мектептің оқу жоспарының барлық пәндері бойынша "5" деген бағаны көрсеткен жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілер марапатталады.

2. Ерекше үлгідегі аттестат "Алтын белгі" деген жазуы бар көгілдір түсті қатты мұқабасы барлидериннен жасалады. Аттестаттың бет жағына, жоғарыға бедерлі-басылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы, ортасына "Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі", "Министерство образования и культуры Республики Казахстан" деген сөздер, төменгі жағына "Аттестат" деген сөз орналасады.

3. Аттестаттың ішкі жағындағы мәтіні барлық парақтарында жоғары жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бар қорғау дәрежелі тығыз қағазға басылады. Парақтың сол жағына қазақ тілінде, ал оң жағына - орыс тілінде мәтін жазылады. "Алтын белгі" сөзі қола әріптермен басылады.

4. Кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестатты облыстық, Алматы қалалық білім басқармаларының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі береді.

Кеудеге тағатын белгілер мен ерекше үлгідегі аттестаттарды марапатталғандарға бітіру емтихандары аяқталған кездегі салтанатты жиналыста мектептің директоры тапсырады.

5. Кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісімен марапатталғандардың мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарын тапсырмастан түсуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің  
1997 жылғы 22 шілдедегі  
N 1146 қаулысымен  
бекітілген

Кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісінің  
С И П А Т Т А М А С Ы

"Алтын белгі" белгісі төрт бұрышты планка түріндегі негізге шынжырмен бекітілген, ішінде көгілдір фонда - "Қазақстан. Алтын белгі" деген жазулары бар, диаметрі 40 мм, қалыңдығы 2,5 мм дөңгелек түрінде болады, металдардың (мыс пен мырыштың) арнайы қорытпасынан - Л 80 жасалады.

Белгісінің бет жағында көгілдір фонда шығып келе жатқан күн мен оның сәулелері, алтын контурмен жиектелген ашық кітап бейнеленген. Бұл бейнелерден төменде "Алтын белгі" деген алтынмен жазылған жазу шығыңқырап тұрады және белгінің контуры бедер түрінде 1,0 мм алға шығып тұрады, одан кейін кітаптың бедері мен оның сәулелері 0,5 мм шығып тұрады, ал кітаптың сары контуры 0,2 мм шығыңқырап тұрады.

Белгінің контуры, "Қазақстан", "Орта мектеп", "Алтын белгі" жазулары, шығып келе жатқан күн және кітаптың жиектері алтындатылған.